**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 43 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 25 сәуір N 436

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 43

P020043_

қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақ "47, 48, 49" деген сандармен толықтырылсын;

2) осы қаулыға 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес 47, 48, 49-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 25 сәуірдегі
N 436 қаулысына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 11 қаңтардағы
N 43 қаулысына
47-қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

441 "Халыққа атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін аумағында ұшу-сынақ полигондары және "Байқоңыр" ғарыш айлағы кешені орналасқан облыстардың облыстық бюджеттеріне берілетін мақсатты

трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламасының
2002 жылға арналған
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 305 000 мың теңге (үш жүз бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Z010273_ Заңының 16-бабы, "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 P011715_ қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық

бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Аумағында ұшу-сынақ полигондары және "Байқоңыр" ғарыш айлағы кешені орналасқан жерлерде тұратын халықты әлеуметтік қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Халыққа атаулы әлеуметтік көмек көрсету мақсатында аумағында ұшу-сынақ полигондары және "Байқоңыр" ғарыш айлағы кешені орналасқан облыстық бюджеттерді қаржылық қолдау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
--------------------------------------------------------------------------
N !Бағдар.!Кіші бағд.!Бағдарламалар.! Бағдарламаны  ! Іске  !   Жауапты
р/р! коды  !   коды   !дың (кіші бағ.!(кіші бағдар.  ! асыру ! орындаушылар
   !       !          !дарламалардың)!ламаны) іске   !мерзім.!
   !       !          !    атауы     !асыру жөніндегі! дері  !
   !       !          !              !  іс-шара      !       !
--------------------------------------------------------------------------
1 !  2  !    3   !      4      !       5       !  6  !      7
--------------------------------------------------------------------------
1     441          Халыққа атаулы  Қазақстан       2002   Қазақстан
                  әлеуметтік      Республикасы    жыл    Республикасы.
                  көмек көрсету   Үкіметінің             ның Қаржы
                  үшін аумағында  шешіміне сәйкес        министрлігі,
                  ұшу-сынақ       республикалық          Ақмола,
                  полигондары     бюджеттен              Ақтөбе,
                  және "Байқоңыр" облыстық               Атырау, Шығыс
                  ғарыш айлағы    бюджеттерге            Қазақстан,
                  кешені          қаражат бөлуді         Жамбыл, Батыс
```

орналасқан облыстың облыстық бюджеттеріне берілетін мақсатты трансферттер | қамтамасыз ету | Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері.

-----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Аумағында ұшу-сынақ полигондары және "Байқоңыр" ғарыш айлағы кешені орналасқан халыққа атаулы әлеуметтік көмек көрсету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 25 сәуірдегі
N 436 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 11 қаңтардағы
N 43 қаулысына
48-қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

443 "Арал және Қазалы аудандарының тұрғындарына атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін Қызылорда облыстық бюджетіне берілетін мақсатты трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 200 000 мың теңге (екі жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Z010273_ Заңы, "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 P011715_ қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық

бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қызылорда облысы Арал және Қазалы аудандарының халқын әлеуметтік қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Арал және Қазалы аудандарының халқына атаулы әлеуметтік көмек көрсету мақсатында Қызылорда облысының облыстық бюджетін қаржылық қолдау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N р/р | Бағдар. коды | Кіші бағд. коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 443 | | Арал және Қазалы аудандарының тұрғындарына атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін Қызылорда облыстық бюджетіне берілетін мақсатты трансферттер | Республикалық бюджеттен Қызылорда облысының облыстық бюджетіне қаражат бөлуді қамтамасыз ету | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қызылорда облысының әкімі. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қызылорда облысы Арал және Қазалы аудандарының халқына атаулы әлеуметтік көмек көрсету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 25 сәуірдегі
N 436 қаулысына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 11 қаңтардағы

N 43 қаулысына
49-қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

444 "Шалқар ауданының тұрғындарына атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін Ақтөбе облыстық бюджетіне берілетін мақсатты трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 100 000 мың теңге (жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Z010273_ Заңы, "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 P011715_ қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық

бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Ақтөбе облысы Шалқар ауданының халқын әлеуметтік қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Шалқар ауданының халқына атаулы әлеуметтік көмек көрсету мақсатында Ақтөбе облысының облыстық бюджетін қаржылық қолдау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N р/р | Бағдар. коды | Кіші бағд. коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзім. дері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 444 | | Шалқар ауданының тұрғындарына | Республикалық бюджеттен Ақтөбе | 2002 жыл | Қазақстан Республикасы. ның Қаржы |

| | | |
|---|---|---|
| атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін Ақтөбе облыстық бюджетіне берілетін мақсатты трансферттер | облысының облыстық бюджетіне қаражат бөлуді қамтамасыз ету | министрлігі, Ақтөбе облысының әкімі. |

------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Ақтөбе облысы Шалқар ауданының халқына атаулы әлеуметтік көмек көрсету.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК